

# Белгілі ақын, әдебиетші ғалым Бүркіт Ысқақовқа 90 жыл

Ғасырдан ғасырға жалғасып жатқан халқымыздың ең үлкен дәулеті - оның рухани байлығы.

«Ел - ұлсыз болмас, жер - гүлсіз болмас» дегендей, еліміздің мерейін өсіруге, еңбектерін жан аямай жасаған арыстарымыз баршылық. Осындай ардақтыларымыздың бірі - атақты жерлесіміз, белгілі ақын және әдебиетші ғалым Бүркіт Ысқақов болатын. Биыл жерлес ақынның туылғанына 90 жыл толып отыр.

Осы орайда, орталық кітапханада жыл бойы жерлес ақынымыздың мерейтойына арналған іс-шаралар өткізілуде. Атап айтсақ: «... Қайран, Нұра! Қайран атамекенім!

Жүрегімді жұлсам да аздық етермін.

Топырағыңнан айналайын, туған жер, Еңбегіңді қашан ғана өтермін?» - деп кеткен ақынның тәрбиелік мәні зор әдеби шығармаларын жастарымызға үлгі-өнеге ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында «Нұралық ақиық ақын» атты әдеби кеш 19 сәуір күні өткізілді.

Кешті «Оқырмандарға қызмет көрсету» секторының кітапханашылары екі тілде ақынның өмірбаянынан мәлімет беріп, содан кейін шығармаларына тоқталды. «Шабыт» әдеби өмір клубының мүшелері ақынның «Туған ел», «Қайран, Нұра!», «Артымда бар ел-жұртым», «Ана туралы жыр» және т.б. өлеңдерін оқыды.

Кеш барысында көрермендер Бүркіт Ысқақовтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» деген аңызы бойынша 1966 жылы қазақтың тұңғыш мультфильмі жасалғандығы және 1975 жылы Американың Нью-Йорк қаласында өткен мультфильмдердің халықаралық фестивалінде көрсетілген бұл шығармаға сыйлық берілгендігі туралы мәлімет алып, фильмді тамашалады. Сондай-ақ, көрермендер тақырыпқа байланысты викторинаға қатысып, «Нұрлы нұра Қайыбы» атты слайдталған көріністі тамашалады.

Кітапхананың жазғы оқу залында «Ол - біздің ақынымыз, ол - біздің мақтанышымыз» атты әдеби марафон 6-шы тамыз күні өтті.

Шара барысында «Ақиық ақын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені келіп тамашалаған ауыл тұрғындарына ақынның өлеңдерін дауыстап оқу ұсынылды.

Бүркіт Ысқақов Нұра ауданының Көкмөлдір ауылында 1924 жылы 4-ші қарашада дүниеге келген. Оның оқуға зеректігі, сөз түсінер пайымы, өнерге деген ынтасы ерте аңғарылады.

Бүркіт жас кезінде ел аузындағы қисса-дастандарды зейін қоя тыңдап, жаттап алып жүреді. Өзі де өлең жазумен шұғылдана бастайды.

Білімге деген құштарлығының арқасында Бүркіт Ысқақов 1940 жылы Қарағандының екі жылдық мұғалімдер институтына келіп оқуға түседі. Мұнда соғыс жылдары Ресейдің орталық қалаларынан келген атақты оқытушылар, профессорлар сабақ берген екен. Ал профессор П.С.Богуславскийдің Бүркіт туралы: «Біздің курста Ысқақов деген студент оқиды. Ол емитханнан бүркітше самғап ұшып өтті» деуі өзінің зерек шәкіртіне деген ризашылығын байқатады.

Ол 1942 жылы институтты бітіргеннен кейін әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Одан

аман-есен оралғаннан кейін Бүркіт Ысқақов Қазақ университетінің тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, оны кейіннен белгілі болған жазушылар Ә.Нұршайықов, М.Дүйсенов, А.Байтұрсыновтармен бірге ойдағыдай бітіріп шығады. Белгілі ғалымдар Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев сияқты ұстаздардың кеңесімен Бүркіт Қазақ КСР Ғылым академиясының аспирантурасына түседі, «Қазақ балалар әдебиетінің даму жолдары» деген тақырыпта диссертация жазады.

Институтта оқып жүрген кезінде ол «халық жаулары» атанған алашордашылар: Ахмет, Мағжан, Сәкен, Бейімбет, Ілияс және т.б. кітаптарын оқып, олар жайында түсінік алып, не үшін күрескендерін біліп рухтанды. Алдағы уақытта сол Алаш азаматтарының жолын қуып, туған елінің азаттығы, бостандығы үшін күресуге бел буады.

Қырқыншы жылдардың орта шеңінде бір топ жастар ЕСЕП - «Елің сүйген ерлер партиясын» ұйымдастырады. Соның ішінде Бүркіт Ысқақовпен бірге ақын, жерлесіміз Махмет Темірұлы да болды.

ЕСЕП ұйымының арманы - қазақ елінің басқалармен терезесі тең, адамдарының бақытты болуы еді.

1951 жылы жаппай құдалау мен қуғын тұсында «Үкіметке қарсы үгіт таратып жүр» деген жаламен Бүркіт Ысқақов жазықсыз тұтқынға алынып, жиырма бес жылға бас бостандығынан айырылады. 1956 жылы Бүркіт

налдырып отырды. Ал қапаста жүріп өлең жазу - оңай шаруа емес. Сол абақтыда жүріп жазған өлеңдері кейін «Тас еденнің ызғары» деген атпен жеке жинақ болып шықты. Ол туралы академик Мұхаметжан Қаратаев былай дейді: «Бүркіт Ысқақовтың «Тас еденнің ызғары» атты өлеңдер циклының қазақ поэзиясынан алатын орны ерекше. Белгілі ақындарымыз: Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтердің абақтыда отырып жазған өлеңдері бізге жеткен жоқ. Міне, сол олқылықтың орнын, олардың ақын ұрпағы - Бүркіт Ысқақовтың жырлары толықтырғандай. Оның бұл өлеңдерінен Сәкеннің сыры, Бейімбеттің мұңы, Ілиястың үні естілгендей болады. Бұл, әрине, әділ және дәл айтылған жоғары баға еді.

Ақынның шығармалары негізінен 1938 жылдан бастап баспасөздерде жарық көре бастады. Оның алғашқы шығарған «Ақын болғым келеді», «Ана туралы жыр» деген өлеңдері бірінші рет «Қарағанды комсомолы» газетінде жарияланды. Ал тұңғыш өлеңдер жинағы «Сенің Отаның» деген атпен 1958 жылы баспадан басылып шықты. Қарғандылықтардың еңбектегі ерліктерін жырлайтын «Жылдар жырлайды», «Шабыт шуағы», «Өлеңді жылдар», «Шындық дауысы» деген поэзиялық жинақтары жақсы бағаға ие болды. Сонымен бірге Бүркіт Ысқақов - «Қазыналы Қарағанды», «Арқаның алып жүрегі», «Нұрлы Нұра бойында» атты көркем очерктердің авторы. Ақын аудармашы ретінде де белгілі. Ол А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, В.В. Маяковский, И. Франков, Назым Хикметтің, Самед Вургуннің, Сайфи Құдаштардың шығармаларын қазақ тіліне аударуға қатысты. Ал әдебиетті зерттеу саласында «Қазақ - театр әдеби байланысы» және «Қазақ - башқұрт әдебиет қатынастары тарихынан» тақырыптарында монографиялар жазған



толық ақталып, елге оралады. Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып, өмірінің соңына дейін ұзақ жылдар бойы қызмет атқарды.

Қандай ақынның болмасын шығармаларына, жалпы творчествосына оның өткен өмір баспалдақтары, басынан кешкен қиыншылықтары әсер етпей қоймайды. Сол сияқты Бүркіт Ысқақов та абақтыда жүргенде өз басынан өткізген тауқыметті, ауыр тағдыр жолын өлеңге ай-

Әдебиетші - ғалым ретінде бірнеше монграфиялық еңбектер жазды. «Қазақ әдебиетінің Жайық жағасында тұратын халықтар» творчествосымен рухани байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғауына санаулы күн қалғанда, 1991 жылы дүниеден өтті.

**С.А. Мұстафина**  
**«Оқырмандарға қызмет көрсету»**  
**секторының меңгерушісі**